

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН
КӘСІПKE БАУЛУ: БОЛАШАҚ МАМАНДЫҚТЫ МЕНГЕРУДЕГІ
ОЙЫН МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ» ПЕДАГОГТЕРГЕ АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ДЛЯ ПЕДАГОГОВ «РАННЯЯ ПРОФОРИЕНТАЦИЯ ДЕТЕЙ
ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА: ИГРА И ТВОРЧЕСТВО В ОСВОЕНИИ
ПРОФЕССИЙ БУДУЩЕГО»**

Астана 2026

*Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

«Мектеп жасына дейінгі балаларды ерте жастан кәсіпке баулу: болашақ мамандықты меңгерудегі ойын мен шығармашылық» педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар – Астана, 2026. – 75 бет.

Пікір берушілер:

Жиенбаева С. Н., профессор, п.ғ.д.

Капезова С.Б., меңгеруші

Токтамысова А. О., әдіскер

Әдістемелік ұсынымдарда балалардың мамандықтар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыруға, танымдық қызығушылығын, қиялы мен бастамашылдық танытуын дамытуға, сондай-ақ еңбекке оң көзқарасын қалыптастыруға бағытталған ойын, шығармашылық әрекеттер мен жоба жұмыстарының нысандары ұсынылған. Сонымен қатар, ерте кәсіпке баулуды сәтті іске асырудың маңызды шарты ретінде педагогтің рөліне және отбасымен өзара ықпалдастыққа көңіл бөлу қажет екені айтылған.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері мен педагогтеріне және жалпы білім беретін мектептердің (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптарының педагогтеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар ҚР ОМ Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2026 жылғы 23 ақпандағы № 1 хаттама).

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Заманауи әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, жаһандану процестері, белсенді цифрландыру және Қазақстан Республикасында инновациялық технологиялардың қарқынды дамуы еңбек саласындағы сапалы өзгерістерді және жаңа мамандықтардың пайда болуын анықтайды, олардың көпшілігі жоғары технологияларға, креативті индустрияларға, экологияға және тұрақты дамуға бағытталған. Бұл жағдайларда өскелең ұрпақты үздіксіз оқуға дайындау, ойдың икемділігін және еңбекке деген оң көзқарасты қалыптастыру ерекше маңызға ие.

Мектепке дейінгі жаста ерте кәсіпке баулу белгілі бір мамандықты таңдау емес, ол баланың ой-өрісін кеңейтуге, мамандықтар әлемі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыруға, танымдық белсенділігі, қиялы, бастамашылдық танытуы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған педагогикалық процесс ретінде қарастырылады. Мектепке дейінгі балалық шақта еңбекке деген оң көзқарас, алғашқы әлеуметтік рөлдер қалыптасады, ойын және шығармашылық арқылы баланың қоршаған әлемді белсенді тануы жүреді.

Заманауи қоғам жағдайларында балаларды болашақтағы мамандықтармен қолжетімді және ойын түрінде таныстыру өзекті болып табылады. Сюжетті-рөлдік ойындарды, шығармашылық тапсырмаларды, құрастыруды, қарапайым зерттеу әрекетін қолдану балаларға адам еңбегінің маңызын түсінуге, мамандықтардың өзара байланысын көруге және олардың әлеуметтік маңыздылығын ақпарат пен терминология арқылы түсінуге мүмкіндік береді.

Аталған әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне мектеп жасына дейінгі балаларды ерте кәсіпке баулу бойынша жұмысты жоспарлауда және іске асыруда практикалық көмек көрсетуге бағытталған. Ұсынымдарда балалардың жас ерекшеліктеріне және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес ойын және шығармашылық технологияларға негізделген тиімді әдістер, нысандар мен практикалық құралдар берілген.

Ұсынылған тәсілдерді іске асыру балалардың жаңаны тануға деген қызығушылығын қалыптастыруға, ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға, сәтті әлеуметтену және одан әрі жеке тұлғаның дамуы үшін қажетті коммуникативтік және қажетті дағдыларды дамытуға бағытталған мектепке дейінгі ұйымда дамытушы білім беру ортасын құруға ықпал етеді.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН КӘСІПКЕ БАУЛУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мектепке дейінгі жаста ерте кәсіпке баулу балаларда мамандықтар әлемі мен ересектердің еңбегі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруға бағытталған тәрбиелеу-білім беру процесі бағыттарының бірі болып табылады. Мектептегі кезеңнен айырмашылығы мектепке дейінгі білім беруде ерте жастан кәсіпке баулу мамандықты саналы түрде таңдауға бағытталмайды, бірақ дамытушы, тәрбиелеу және әлеуметтендіру міндеттерін атқарады.

1) Мамандық таңдауға бағыттаудың болмауы

Ерте жастан кәсіпке баулу болашақтағы мамандықты саналы түрде таңдауды және болжауды білдірмейді, өйткені мектеп жасына дейінгі балаларда:

- мамандық таңдау үшін танымдық және ерік-жігердің алғышарттары;
- өз қабілеттері мен бейімділіктері туралы түсініктері;
- еңбектің әлеуметтік және экономикалық маңыздылығын түсіну әлі қалыптаспаған.

Мектепке дейінгі жаста мамандықтар әлемімен таныстыру, еңбекке құрметпен қарауды қалыптастыру және әрекет түрлеріне танымдық қызығушылықты дамыту туралы ғана айтуға болады.

2) Баланың эмоционалды тәжірибесі мен жеке әсерлеріне сүйену

Ерте жастан кәсіпке баулуда баланың эмоционалды-сезім тәжірибесі жетекші рөл атқарады. Тәрбиеленушілер мамандықтарды білім жүйесі ретінде емес:

- жарқын бейнелер;
- нақты әрекеттер;
- тартымды рөлдер ретінде қабылдайды.

Мамандықтармен таныстыру:

- ересектердің еңбегін тікелей бақылау;
- әңгімелерден, экскурсиялар мен кездесулерден эмоционалды әсер алу;
- көркем образдар (ертегілер, мультфильмдер, кітаптар) арқылы жүзеге асырылады.

Эмоционалды көңіл-күй қызығушылықтың оянуына ықпал етеді және еңбекке оң көзқарасты қалыптастырады.

3) Түрі балалар әрекеті арқылы іске асыру

Ерте жастан кәсіпке баулу мектеп жасына дейінгі балалардың түрлі әрекеттері арқылы жүзеге асырылады:

Ойын әрекеті

Сюжетті-рөлдік ойындар («Аурухана», «Дүкен», «Өрт сөндірушілер», «Аспазшы», «Дәріхана» және басқалар) балаға:

- әлеуметтік рөлдерді ойнауға;
- еңбек әрекеттерін қайталауға;
- кәсіби мінез-құлық нормаларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Коммуникативтік әрекет

Әңгімелесу, диалог, ересектерге сұрақтар қою:

- сөздік қорды кеңейтуге;

- қарым-қатынас арқылы мамандықтар туралы түсініктерді қалыптастыруға;

- әлеуметтік құзыреттілікті дамытуға ықпал етеді.

Шығармашылық әрекет

Сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, театрландырылған әрекет:

- алған әсерлерімен бөлісуге көмектеседі;

- қиялды дамытады;

- мамандықтарға деген пікірін білдіруге мүмкіндік береді.

Осы әрекет түрлері арқылы бала әлеуметтік тәжірибені қолжетімді және қызықты түрде меңгереді.

4) Теориялық мәліметтерді жинақтауға емес, қызығушылықты қалыптастыруға бағыттау

Ерте кәсіпке баулу мамандықтар туралы жүйелі білім беруге бағытталмайды. Негізгі нәтиже:

- еңбекке қызығушылықты ояту;

- білуге құштарлықты дамыту;

- ересектер әлемін тануға ынтаны қалыптастыру болып табылады.

Мамандықтар туралы мәліметтер жалпы, көрнекі сипатта болуы және терминдерді немесе жіктеулерді жаттап алуды талап етпеуі тиіс. Балада:

- еңбектің құндылығын түсінуді;

- жаңаны тануға ұмтылысын;

- әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру маңызды.

5) Жеке және жас ерекшеліктеріне сәйкес тәсіл

Ерте жастан кәсіпке баулу:

- мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін;

- жеке қызығушылықтары мен бейімділіктерін;

- сөйлеу және танымдық даму деңгейін ескере отырып іске асырылады.

Педагог тәрбиеленушілерге мамандықтар әлемін өзбетінше тануы үшін жағдай жасай отырып, ақпарат беруші емес, дамытушы ортаны ұйымдастырушы ретінде әрекет етуі қажет.

Осылайша, мектеп жасына дейінгі балаларды ерте кәсіпке баулу ойын әрекетіне, тәрбиеленушілердің эмоционалды қабылдауына және жеке тәжірибесіне негізделген еңбек түрлерімен таныстыру процесін қамтиды. Ол қызығушылықты, еңбекті құрметтеуді және әлеуметтік шындыққа оң көзқарасты қалыптастыра отырып, одан әрі мамандықты таңдауға негіз болады.

ЖҰМЫСТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Мектеп жасына дейінгі балаларды ерте жастан кәсіпке баулу — бұл нақты бір мамандықтарға баулу емес, еңбек етуге қызығушылықты қалыптастыру, балалар әрекетінің жетекші түрлері: ойын және шығармашылық арқылы икемді дағдылар мен кәсіпке баулу үшін жағдайлар жасау. Бұл жұмысты өзара байланысты төрт бағыт бойынша құру ұсынылады.

1) Қазіргі кездегі мамандықтармен таныстыру

Балаларды қазіргі кездегі мамандықтармен таныстыру ерте жастан кәсіпке баулудың негізгі бағыты және мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік-тұлғалық дамуының маңызды шарты болып табылады. Бұл жұмыс барысында балаларда ересектердің еңбегі, оның әлеуметтік маңызы, алуантүрлілігі және қоғамның қалыпты жұмыс істеуі үшін қажеттілігі туралы бастапқы түсініктері қалыптасады. Кәсіби қызметті түсіну танымдық қызығушылықты дамытуға, әлеуметтік тәжірибені кеңейтуге және еңбекке оң көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұл бағыттың негізгі міндеттері:

- әртүрлі мамандықтар, олардың міндеттері мен ерекшеліктері туралы балалардың ой-өрісін кеңейту;
- маңызды қоғамдық құндылық ретінде ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу;
- мамандықтар, еңбек әрекеттері мен еңбек нәтижелері арасындағы байланысты түсінуді дамыту;
- еңбек етуге ынталандыру және дербестік танытуға тәрбиелеу.

Қазіргі кездегі мамандықтармен таныстыру тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады және түрлі балалар әрекеттері: ойын және көрнекі-практикалық әрекет арқылы іске асырылады.

Маңызды рөл атқарады:

- сюжетті-рөлдік ойындар («Аурухана», «Дүкен», «Құрылысшылар», «Пошта», «Өрт сөндіру бөлімі»), онда балалар әлеуметтік рөлдерді меңгереді, ересектердің еңбек әрекеттерін қайталайды, бірге әрекет етуді және міндеттерді бөлісуді үйренеді;
- дидактикалық ойындар («Кім немен айналысады?», «Мамандықтарға қажетті құралдар», «Мамандықты сипаттамасы бойынша табу») мамандықтар туралы алған білімді бекітуге, логикалық ойлау мен тілді дамытуға бағытталған;
- педагогтің көркем әдебиетті оқып беруі, балалардың әртүрлі мамандық иелерінің еңбек әрекетін бейнелейтін иллюстрацияларды, фотосуреттерді, альбомдар мен бейнематериалдарды қарауы;
- әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне экскурсиялар (шынайы және виртуалды), сондай-ақ балаларға еңбек туралы көрнекі түрде түсінік алуға және эмоционалды әсер алуға мүмкіндік беретін мамандық иелерімен кездесулер;

- шығармашылық әрекет (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) барысында балалар мамандықтар туралы алған әсерлерін жеткізеді, білімдерін кеңейтеді және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Ойындардың үлгілері:

«Логикалық лото» – карточкаларды мамандық түрлері бойынша жинау, мысалы: «Көлік», «Медицина», «Құрылыс»;

«Не артық?» – шаштараз құралдарының (қайшы, тарак) арасына басқа мамандыққа қатысты құралды (балға) қосуға болады, балалар артық затты тауып, оның неге артық екенін түсіндіруі керек;

«Қимылдар арқылы табу» – бір бала белгілі бір мамандық иесінің әрекетін қимылдармен көрсетеді (жер қазу, дирижерлік ету және т.б.), ал балалар оның қандай мамандық екенін айтады;

«Сөздік тізбек» – балалар кезекпен белгілі бір мамандық иесінің орындайтын әрекеттерін атайды, мысалы: аспаз – тамақ пісіреді, турайды, қуырады, тұздайды.

Кейс-ойын – проблемалық жағдаяттарды шешу: мысалы: «Егер ұн таусылып қалса, аспаз не істеуі керек?».

Жұмыс барысында балаларда еңбек әрекеттері, қолданылатын құрал-жабдықтар, жұмыс киімдері, қауіпсіздік ережелері, сондай-ақ мамандықтардың қоғамға және адамға пайдасы туралы түсініктерді қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу ұсынылады. Педагог әр маманның еңбегі маңызды және қажет екенін, еңбек нәтижелері жалпы игілікке қызмет ететінін айтуы тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балаларды қазіргі кездегі мамандықтармен таныстыру бойынша жүйелі және мақсатқа бағытталған жұмыс одан әрі мамандықтар әлемін түсінуге, танымдық белсенділікті дамытуға және адам өмірінің маңызды саласы ретінде еңбекке оң көзқарасты қалыптастыруға негіз болады.

2) Болашақтың мамандықтарымен таныстыру (ойын түрінде)

Мектеп жасына дейінгі балаларды болашақтың мамандықтарымен таныстыру қиялды, сыни және бейнелі ойлауды, танымдық белсенділікті және қоршаған әлемдегі инновациялық өзгерістерге қызығушылықты дамытуға бағытталған. Бұл кезеңде болашақтың мамандықтары туралы нақты түсініктерді қалыптастыру маңызды емес, балаларға еркін қиялдауға, модельдеуге және еңбек әлемі мен қоғам өмірінде мүмкін болатын өзгерістерді түсінуге жағдай жасау қажет.

Бұл бағыт балалардың өзгерістерге оң көзқарасын қалыптастыруға, ойлаудың икемділігін дамытуға және жаңа әрекет түрлерін меңгеруге дайын болуына ықпал етеді. Ойын кезінде өзара әрекет арқылы балалар болашақты мүмкіндіктер мен шығармашылық кеңістігі ретінде қарастыруды үйренеді.

Осы бағыт аясында мынадай міндеттер шешіледі:

- ғылыми-техникалық прогреске және заманауи технологияларға қызығушылықты қалыптастыру;

- болашақтың бейнелерін болжау, қиялдау және модельдеу қабілетін дамыту;

- белсенділік танытуға және зерттеу әрекетіне ынталандыру;
- балалардың бастамасын, дербестігін және шығармашылық әрекет арқылы өзін көрсетуін қолдау;
- ойын жағдаяттарында идеялар ұсыну және шешімдер таба білуін дамыту.

Жұмысты қолжетімді және көрнекі оқыту құралдарына сүйене отырып, ойын түрінде жүргізу ұсынылады және түрлі балалар әрекетін қамтуы қажет:

- қиялдау ойындары («Болашақтың мамандықтары», «Болашақтың қаласы», «Болашақ мектебі») барысында балалар жаңа мамандықтар ойлап табады, міндеттерді бөліседі, еңбек жағдайлары мен әлеуметтік маңыздылығын анықтайды;

- құрылыс жиынтықтарын, қалдық және табиғи материалдарды, қағазды, картонды, сондай-ақ балаларға болашақ туралы өз түсініктерін елестетуге мүмкіндік беретін техникалық құрастыру элементтерін қолданып модельдеу және жобалау;

- болашақтың адамдары, олардың мамандықтары, құралдары мен технологиялары туралы оқиғалар, ертегілер мен әңгімелер құрастыру, бұл байланыстырып сөйлеу мен бейнелі ойлауды дамытуға ықпал етеді;

- адамның техникалық көмекшілері туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруға бағытталған робототехника және цифрлық технологиялар элементтерін (қолжетімді және қауіпсіз нысанда) қолдану;

- проблемалық-ойын жағдаяттары («Болашақта адамдарға кім көмектеседі?», «Табиғатты құтқару үшін қандай мамандық ойлап табу керек?») балаларды шешім табуға және ұжыммен талқылауға ынталандырады.

Ойындардың үлгілері:

«Сити-фермер» – гидропоника әдісін қолдана отырып, терезе алдындағы шағын бақта өсімдіктер өсіру;

«Роботтарды құрастырушы» – тұрмыстық мәселелерді шешетін көмекші роботтарды қалдық материалдардан (қораптар, қақпақтар және т.б.) құрастыру;

«Эко-қолдаушылар» – қоқысты сұрыптау және заттарға «екінші өмір» беру (апсайклинг шығармашылығы) бойынша ойындар;

Бұл бағытта педагог ойын әрекетінде баланың серіктесі, ойынды ұйымдастырушы және модератор рөлінде болуы керек. Ол балалардың бастамасын қолдауы, олардың қиялдауын көтермелеуі, жетекші сұрақтар қоюы, ойларын жеткізуге көмектесуі және қиялын шектемей, шығармашылық әрекетке бағыттауы қажет.

Осылайша, болашақтың мамандықтарымен ойын түрінде таныстыру мектеп жасына дейінгі балаларда мамандықтар әлеміне оң көзқарасты қалыптастыруға, сыни ойлауды дамытуға және өзгерістерді қабылдауға дайын болуына ықпал етеді, бұл баланың одан әрі жеке тұлғасын дамытуда және білім алуы үшін маңызды болып табылады.

3) Негізгі дағдыларды дамыту

Негізгі дағдыларды дамыту мектеп жасына дейінгі балаларды ерте кәсіпке баулудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, өйткені осы

дағдылар таңдаған мамандыққа қарамастан әртүрлі қызмет салаларында адамның жетістігін анықтайды. Жылдам өзгеретін еңбек нарығы жағдайында айналасындағылармен қарым-қатынас жасау, командада жұмыс істеу, бастамашылдық таныту және әдеттен тыс шешімдерді табу ерекше маңызды болады.

Мектепке дейінгі жаста негізгі дағдыларды қалыптастыру балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес және жеке тұлғаның толыққанды дамуын қамтамасыз ететін бірлескен әрекет пен қарым-қатынас процесінде жүзеге асырылады.

Мақсатқа бағытталған педагогикалық жұмыс барысында балаларда келесі дағдылар қалыптасады:

- әңгімелесушіні тыңдау және түсіну, өз ойлары мен сезімдерін жеткізу, сұрақтар қою, өзінің ұстанымын дәлелдеу, сөйлеуді өзара әрекет ету құралы ретінде қолдануды қамтитын коммуникативтік дағдылар;

- топпен жұмыс істеу, әрекеттерді бірге келісіп орындау, рөлдерді бөлісу, құрдастарына көмек көрсету және басқалардың көмегін қабылдауды көздейтін ынтымақтастық дағдылары;

- ерекше идеяларды ұсына білуде, мәселені шешудің бірнеше нұсқасын табуда, бастамашылдық таныту мен ойлаудың икемділігінде көрінетін сыни ойлау.

Бұл бағыт балалардың белсенді қатысуына және олардың бір-бірімен өзара әрекет етуіне негізделген түрлі балалар әрекетінің нысандары арқылы жүзеге асырылады:

- қарым-қатынас, өзара түсіністік пен бірге жоспарлау дағдыларын дамытуға ықпал ететін топпен және жұппен орындалатын ойын тапсырмалары;

- жалпы нәтижеге жету үшін жауапкершілікті қалыптастыруға және өзінің топқа қатысы бар екенін сезінуді дамытуға бағытталған ұжымдық шығармашылық жобалар (макеттер, суреттер, сюжеттік композициялар жасау);

- балаларға әртүрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруге, эмоционалды мәнерлілік пен вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін театрландырылған ойындар мен қойылымдар;

- балаларды талдауға, шешімдер табуға және өздерінің пікірлерін дәлелдеуге ынталандыратын проблемалық жағдаяттарды талқылау;

- бірлескен әрекет нәтижелерінің рефлексиясы, оның барысында балалар өздерінің және құрдастарының әрекеттерін бағалауды, әрбір қатысушының ортақ іске қосқан үлесін түсінуді үйренеді.

Педагогке баланың даралығын қолдау мен құрметтеуге, ынтымақтастық қағидаттарына негізделген дамытушы ортаны ұйымдастыру маңызды. Педагогке тек әрекетті ұйымдастырушы ғана емес, сондай-ақ балаларды бастамашылдыққа ынталандыратын, жайлы жағдайлар жасайтын, оларға өздерінің күшті жақтарын білуге және өз мүмкіндіктеріне деген сенімділікті дамытуға көмектесетін серіктес ретінде әрекет ету ұсынылады.

Осылайша, ерте жастан кәсіпке баулу аясында негізгі дағдыларды

дамыту мектеп жасына дейінгі балалардың бойында әлеуметте белсенді, дербес және шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға, әрі қарай оқуға дайын және өзгермелі мамандықтар әлеміне сәтті бейімделуіне ықпал етеді.

4) Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара ынтымақтастық

Мектеп жасына дейінгі балаларды ерте жастан кәсіпке баулудың тиімділігі көбінесе педагогтер мен отбасы әрекеттерінің үйлесімділігімен айқындалады. Ата-аналар (заңды өкілдер) кәсіби тәжірибені алғашқы таратушылар және балаға еңбек туралы, ересектердің кәсіби қызметі және әлеуметтік рөлдері туралы берілетін білімнің маңызды көзі болып табылады. Отбасында алғашқы еңбек қатынастары, еңбекке оң көзқарас және мамандықтардың маңыздылығы туралы түсініктер қалыптасады.

Отбасымен өзара ынтымақтастықтың негізгі мақсаты – ерте жастан кәсіпке баулу процесіне ата-аналарды (заңды өкілдерді) белсенді тарту үшін жағдайлар жасау және тәрбиелеу-білім беру процесінің тұтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ететін «балабақша-отбасы» бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру болып табылады.

Осы бағыт аясында мынадай міндеттер шешіледі:

- ерте жастан кәсіпке баулу және мектеп жасына дейінгі балалардың мамандық таңдауында жас ерекшеліктері мәселелерінде ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру;

- баланың қызығушылығы мен бейімділігін дамытуда отбасының рөлін ата-аналардың саналы түсінуін қалыптастыру;

- отбасын тәрбиелеу-білім беру процесіне және балалармен бірлесіп әрекет етуге тарту;

- педагогтер мен ата-аналар арасындағы әріптестікті нығайту;

- кәсіби тәжірибе алмасу және балалардың мамандықтар әлемі туралы түсініктерін кеңейту үшін жағдай жасау.

Ата-аналармен жұмыс нысандары әртүрлі болуы және белсенді өзара әрекет ету мен ынтымақтастыққа бағытталуы тиіс:

- ерте жастан кәсіпке баулудың мақсаты, міндеттері мен әдістері туралы ата-аналарды хабардар етуге, сондай-ақ баланың қызығушылықтарын қолдау мәселелерін талқылауға бағытталған консультациялар, ата-аналар жиналыстары, шеберлік сыныптары;

- ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне тартуға және балаларда еңбек туралы эмоционалды мағыналы түсініктерді қалыптастыруға ықпал ететін бірлескен жобалар («Менің ата-анамның мамандығы», «Менің анам/әкем жұмыста», «Біздің ата-әжелеріміздің мамандықтары»);

- ата-аналардың іс-шараларға қатысуы (тақырыптық күндер, әртүрлі мамандық иелері-ата-аналармен кездесулер және басқалар), оның барысында ересектер тәрбиеленушілерді өздерінің кәсіби қызметінің ерекшеліктерімен түсінікті және көрнекі түрде таныстырады;

- ата-аналарды дамытушы орта ұйымдастыруға, сюжетті-рөлдік ойындарға, макеттер мен әртүрлі мамандықтарды бейнелейтін тақырыптық бұрыштарға арналған атрибуттар дайындауға тарту.

Баланың дамуына қолдау көрсету және қызығушылыққа негізделген педагогтер мен ата-аналар арасындағы сенімді және әріптестік қарым-қатынасты қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу қажет. Педагог үйлестіруші және кеңесші ретінде әрекет етуі, яғни ата-аналарға олардың тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысуының маңыздылығын түсінуге көмектесуі және үй жағдайында балалардың танымдық және шығармашылық бастамаларын қолдау бойынша практикалық ұсынымдар беруі қажет.

Педагогтер мен ата-аналардың бірлескен әрекеті балаларда еңбек пен мамандықтар туралы біртұтас, жағымды және эмоционалды түсініктерді қалыптастыруға, әрекет түрлеріне қызығушылықты дамытуға және адам өмірінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде еңбекке оң көзқарасты қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

ЕРТЕ ЖАСТАН КӘСІПКЕ БАУЛУ ӘДІСТЕРІ

Ойын әдістері

Ойын – мектеп жасына дейінгі баланың жетекші әрекеті және қоршаған әлемді, оның ішінде мамандықтар әлемін танудың неғұрлым шынайы, психологиялық қолайлы тәсілі. Ойын әдістері арқылы балаларда еңбек түрлері туралы бастапқы түсініктер ғана емес, сонымен қатар негізгі дағдылар қалыптасады: қарым-қатынас жасау, ынтымақтастық, міндеттерді шешу, шығармашылық және өзін-өзі реттеу. Ойын әдістерін шартты түрде бір-бірін толықтыратын үш негізгі топқа бөлуге болады: сюжетті-рөлдік, дидактикалық және қимылды ойындар.

1. Сюжетті-рөлдік ойындар

Сюжетті-рөлдік ойын – бала ересектердің қарым-қатынасы мен әрекеттерін қайталайтын ойын әрекетінің түрі. Кәсіпке баулу контекстінде ол әлеуметтік рөлді ойнауға, оның мазмұнына енуге және кәсіби қызметтің мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Міндеттері:

- кәсіби қызмет туралы біртұтас түсінік қалыптастыру (мақсаты, әрекеттері, құралдары, нәтижесі, қоғамға тигізетін пайдасы);
- диалогтік сөйлеуді, келісе білу мен рөлдерді бөлісуді дамыту;
- қиялды дамыту, сюжет құрастыруға және кәсіби жағдаяттарды модельдеуге ынталандыру;
- еңбекті құрметтеуге және қоғамдағы әртүрлі мамандықтардың өзара байланысын түсінуге тәрбиелеу.

Сюжетті-рөлдік ойындардың үлгілері:

«Мамандықтар қаласы» (кешенді ойын): бұл бірнеше қызығушылық орталықтарын біріктіретін жоба («Аурухана», «Дәмхана», «Құрылыс алаңы», «Сұлулық салоны», «Автосервис», «Зергерлік шеберхана», «Тігінші шеберханасы» және басқалар). Балаларға әртүрлі әлеуметтік-кәсіптік рөлдерді орындай отырып, қызығушылық орталықтары арасында ауысып жүруге болады. Бұл жағдайда педагог «кәсіпорындар» арасында логикалық байланыс

орнатуға көмектесуі керек (мысалы, «құрылысшылар» дәмхана құрастырады, «жүргізуші» дәмхананың «аспазына» азық-түлік жеткізіп береді).

«Ғылыми зертхана»: ойлауды дамытуға бағытталған ойын. Тәрбиеленушілер ғалымдар, зертханашылар, өнертапқыштар рөлінде қарапайым тәжірибелер жасайды (сумен, магнитпен, құммен, жарықпен), «бақылау күнделіктерін» жүргізеді, «жаңалықтар» ашады. Мұнда білуге құмарлық, нақтылық, шыдамдылық және нәтижені тіркей білу сияқты қасиеттерге баса назар аудару керек.

«Болашақ ғарыш станциясы»: бұл ойын балалардың белгілі бір мамандыққа байланысты оқиғаларды болжау қабілетін дамыта отырып, болашаққа деген қызығушылығын арттырады. Рөлдер дәстүрлі (экипаж командирі, дәрігер) және қиялдан туған (гравитацияны қолдау инженері, ксенобиолог, голографиялық байланыс операторы) болуы мүмкін. Балаларды әдеттен тыс міндеттерді шешу үшін жаңа мамандықтар ойлап табуға ынталандыру маңызды.

«IT-орталығы»: қауіпсіз, офлайн ортада заманауи цифрлық мамандықтарды модельдейді. Балалар робот ойыншығына арналған pictogram алгоритмін құрайтын «бағдарламашылар»; планшетте немесе қағазда қосымшаның макетін жасайтын «дизайнерлер»; кодтарды ашатын «киберқауіпсіздер» болуы мүмкін. Мақсаты – логикалық және алгоритмдік ойлауды және кез-келген гаджеттің адамның еңбегімен жасалғанын түсінуді дамыту.

2. Дидактикалық ойындар

Дидактикалық ойындардың нақты міндеттері мен ережелері бар. Олар сөздік қорды байытады, мамандықтар туралы білімді жүйелейді, танымдық процестерді (есте сақтау, зейін, ойлау) дамытады.

Міндеттері:

- мамандықтарға қатысты сөздерді қолдану және бекіту (мамандықтардың, құралдардың, әрекеттердің, материалдардың атаулары);
- кәсіби белгілері бойынша талдау, салыстыру, жалпылау және жіктеу қабілетін дамыту;
- ережелерді сақтау және берілген міндеттер аясында әрекет етуді қалыптастыру.

Дидактикалық ойындардың үлгілері:

«Кім немен айналысады?» (лото, жұп суреттер): сәйкестікті орнатуға арналған ойын. Күрделі нұсқасы: жай ғана «аспаз – пеш» емес, «аспаз – сорпа дайындайды», «кондитер – тортты безендіреді» бұл мамандықтар саласындағы ерекшеліктерді көруге үйретеді.

«Мамандық және құрал»: ойыны «Төртінші артық» (аспаздың үш құралы және ағаш ұстасының бір құралы) немесе «Жұбын табу» форматында өтуі мүмкін. Заманауи құралдарды (дизайнерге арналған графикалық планшет) және дәстүрлі құралдарды (дәрігерге арналған стетоскоп) қолдануға болады.

«Мамандықты сипаттамасы бойынша табу»: тәрбиеші мамандықтың атауын атамай, әрекеттерді, жұмыс құралдарын, жұмыс орнын атай отырып

сипаттайды. Бұл ауызекі сөйлеуді, логикалық ойлауды және маңызды белгілерді бөліп көрсетуді дамытады.

«Болашақтағы және қазіргі кездегі мамандықтар» (жіктеу ойыны): балаларға мамандықтар бейнеленген карточкалар ұсынылады (фермер, бағдарламашы, робототехник, ұшқыш, полиция қызметкері, дәрігер, ветеринар дәрігер, жүргізуші және басқалар). Міндеті – мамандықты қай санатқа жатқызу керек екенін талқылау және шешу. Педагогтің басты міндеті – балаларға дайын жауап беру емес, олармен болашақта басқа мамандықтар пайда болуы мүмкін, ал «ескі» мамандықтар өзгереді (мысалы, фермер қазіргі кезде дрондарды қолданады) деген қорытынды жасайтындай пікірталас ұйымдастыру.

3. Қимылды ойындар

Мамандықтарға сәйкес сюжеті бар қимылды ойындар жалпы моториканы, үйлесімділікті дамытады, сонымен қатар қимыл белсенділігі арқылы мамандықтар туралы алған білімді бекітеді.

Міндеттері:

- мамандыққа қатысты қимылдарды орындау (қимылдар, жылдамдық, әрекеттерді нақты орындау);
- көптеген мамандықтар үшін маңызды физикалық қасиеттерді (ептілік, жылдамдық, төзімділік) дамыту;
- мамандықтар туралы алған білімді белсенді, эмоционалды түрде бекіту.

Қимылды ойындардың үлгілері:

«Құрылысшылар»: балалар командаларға бөлінеді. Міндеті – эстафета бойынша «құрылыс материалдарын» (текшелер, жұмсақ модульдер және басқалар) тасымалдау және берілген ғимаратты басқаларға қарағанда жылдам және сапалы құрастыру. Командада жұмысты келісіп орындау және жалпы нәтижеге қол жеткізуге көңіл бөлу.

«Пошташылар»: кеңістікте бағдарлау элементтері бар ойын. «Пошташы» балалар «хаттарды» (суреттері бар конверттерді) «мекен-жайлар» бойынша (таңбалармен белгіленген топтың немесе ойын алаңының түрлі бұрыштарына) жеткізуі керек. Ол жылдамдықты ғана емес, сонымен қатар зейін қоюды, нұсқауларды орындай білуді дамытады.

«Құтқарушылар»: «зардап шеккендерді» (ойыншықтарды) шартты «төтенше жағдайлар аймағынан» (құрсау, жер аста жолы) құтқаруға, «кедергілерді» еңсеруге арналған командалық ойын (орындық-көпір, төмпешіктер). Бұл ойын жауапкершілікке, өзара көмекке, төтенше жағдайларда әрекет етуге тәрбиелейді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды ерте жастан кәсіпке баулудың тиімді тәсілі – тақырыптық апта немесе жоба аясында ойындардың барлық түрлерін кіріктіру. Мысалы, «Біздің қорғаушылар» аптасы: сюжетті-рөлдік ойын: «Өрт сөндіру бөлімі», дидактикалық ойын: «Арнайы техника мамандығын атау», қимылды ойын: «Құтқарушылар» және «Құтқарушылар үшін болашақ машинасының суретін салу» шығармашылық әрекетті қамтуы мүмкін. Бұл балада мамандықтар әлемінің сан қырлы, эмоционалды жағымды және

шынайы бейнесін қалыптастырады.

Шығармашылық әдістер

Шығармашылық әрекет балаға мамандықтар туралы біліп қана қоймай, оны шығармашылық арқылы ойнап көруге, түсінуге және оған көзқарасын білдіруге мүмкіндік беретін ерте жастан кәсіпке баулу құралдарының бірі болып табылады.

1) Бейнелеу әрекеті

Бейнелеу әрекеті (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) мамандықтар, олардың атрибуттары, еңбек жағдайлары туралы балалардың түсініктерін жеткізуге, сондай-ақ жеке қалауы мен қиялын білдіруге ықпал етеді.

Міндеттері:

- мамандықтың бейнесін, оның заттық әлемін елестету және нақтылау;
- мамандықтар саласымен байланысты жаңа объектілерді жобалау және модельдеу қабілетін дамыту;
- еңбек түрлеріне эмоциясын білдіру, мамандыққа сәйкестікті қалыптастыру («Мен осындай болғым келеді»);
- ұсақ моториканы, түстерді қабылдауды, композиция құрастыру дағдыларын дамыту.

Ұсынылатын жұмыс түрлері:

«Кім болғым келеді» тақырыптық сурет салу: бұл негізгі рефлексиялық практика. Тақырыпты ұсынып қана қоймай, алдын ала әңгімелесу маңызды: «Бұл адам не істейді?», «Оның жұмысы несімен қызықты?», «Оған қандай құралдар керек?», «Оның жұмыс киімі қандай болуы мүмкін?». Педагог балаға бейнені түсінуі үшін жетекші сұрақтар қою арқылы суреттің бөліктеріне назар аударуы қажет.

«Болашақтың мамандықтары» немесе «Шеберлер қаласы» ұжымдық паннолар мен макеттер жасау: жұмыстың бұл түрі ынтымақтастық, жоспарлау және міндеттерді бөлісу дағдыларын дамытады. Балалар әртүрлі секторларға (көлік, медицина, экология) жауап беретін шағын топтарға біріге алады. Аралас әдістерді қолдану ұсынылады: сурет салу, жапсыру, қағаздан құрастыру. Нәтижесінде тек сурет қана емес, одан әрі сюжетті-рөлдік ойындарға арналған зат пайда болады.

Мамандықтардың бояулары мен шаблондары (трафареттері): бұл нысан неғұрлым өнімді болғанымен, ол силуэтпен, арнайы киіммен, мамандыққа тән құралдармен алғаш рет таныстыруда тиімді болып келеді. Шығармашылықты дамыту үшін балаларға үлгіні аяқтауды ұсынуға болады: «Дәрігердің бөлмесінде не бар?», «Ғарышкерге арналған ерекше киім ойлап тауып, оны бояу», «Ғалымның үстелінде қандай зат тұр?».

Мүсіндеу «Еңбек құралдары мен нәтижелері»: ермексаздан, сазбалшықтан немесе қамырдан құрал-саймандарды (мысалы, құрылысшының қалпағы, микроскоп, кемнің рөлі) немесе еңбектің нәтижелерін (бөлше нан, компьютерлік бағдарламалардың белгілері, ландшафт дизайнеріне арналған гүлдер) мүсіндеу. Тактильді (қолмен ұстап, сипап-сезу) тәжірибе есте сақтауды және мамандықтың бейнесін елестетуді дамытады.

2) Құрастыру және модельдеу

Құрастыру мамандықтар туралы абстрактілі түсініктерді заттық модельдеу саласына аударады. Бұл кеңістіктік, инженерлік және логикалық ойлауды дамытатын кескіннен жұмыстың үлгісін жасауға көшу.

Міндеттері:

- ойдағы бейнені көлемді құрылымға енгізу, нысанның пішіні, қызметі мен тұрақтылығының өзара байланысын түсіну қабілетін дамыту;
- кәсіби міндеттерді шешу контекстінде техникалық шығармашылық пен өнертапқыш негіздерін қалыптастыру;
- қарапайым сызбаларды түсінуге және ойлауы бойынша әрекет етуге баулу.

Ұсынылатын жұмыс түрлері:

LEGO – конструкторлармен және басқа конструкторлармен жұмыс: «Көмекші - роботтар»: міндеті – белгілі бір мамандыққа арналған роботты құрастыру (робот - тазалаушы, робот - зерттеуші, робот - агроном, робот-аквариум тазалаушы және басқалар). Талқылау: «Ол қандай мәселені шешеді?», «Оның қандай құрылғысы мен жабдықтары болуы керек?».

«Ақылды қала»: әртүрлі ғимараттарды біріктіретін жоба (автоматты суарылатын эко-ферма, тікұшақ алаңы бар аурухана, заманауи сапаржай). Балалар мамандықтарды қаланың тұтас экожүйесі аясында көруді үйренеді.

Қалдық және табиғи материалдардан құрастыру: бұл бағыт сыни ойлауды дамытады және экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастырады. Қораптардан, бөтелкелерден, қақпақтардан, бұтақтар мен бүрлерден: «Ғажайып ғарыш айлағы», «Эколог зертханасы», «Болашақтың телестудиясын» жасауға болады. Әрекеттің бұл түрін ұйымдастыруда кәсіпке баулуды тұрақты даму идеясымен байланыстыратын материалдарды қайта пайдалануға көңіл бөлу қажет.

Жұмыс орындары мен техниканы модельдеу: картоннан, қағаздан және қолда бар құралдардан бұйымдар жасау: «Ұшқыштың кабинасы», «Кассалары бар супермаркет», «Құтқару кемесі», «Фотостудия». Мұндай модельдерді ойын кеңістігіне айналдыруға болады, бұл оны неғұрлым мазмұнды және шынайы етеді. Балаларды жоспарлауға тарту маңызды: «Сәулетшінің жұмыс орнында не болуы керек?».

3) Театрландырылған әрекет

Театрландырылған әрекет — бұл эмпатияны, эмоционалды интеллектті, коммуникативтік дағдыларды және белгілі бір жағдайларда әрекет ету қабілетін дамытатын мамандыққа «ену» әдісі.

Міндеттері:

- мамандықтың мәнін тереңірек түсіну үшін әрекет, сөз, эмоциялар арқылы мамандықты рөлге еніп, ойнау;
- байланыстырып сөйлеуді, мәнерлілікті, серіктестермен өзара әрекет ету қабілетін дамыту;
- ұялшақтықты еңсеру, рөлге ену арқылы өзіне деген сенімділікті дамыту.

Ұсынылатын жұмыс түрлері:

Мамандықтар туралы ертегілер мен оқиғаларды сахналау: бейімделген

халық ертегілерін («Алдар көсе» ертегісін «Алдар көсе – ғарышкер» нұсқасында), сондай-ақ арнайы жазылған шағын пьесаларды немесе әңгімелерді қолдануға болады. Мақсаты – мәселені шешу кезінде мамандыққа қатысты әрекеттерді көрсету. Қойылымнан кейін рефлексия қажет: «Кейіпкер бұл әрекетті неліктен жасай алды?», «Оған қандай қасиеттері көмектесті?».

Қуыршақ және саусақ театры: бұл әдіс әртүрлі мамандық иелері арасындағы диалогті дамытуда өте қолайлы. Мысалы, құрылысшы-қуыршақтар жоспарды талқылайды, дәрігер науқасқа ұсыныстар береді. Балалар қуыршақты басқара отырып, өздерін еркін сезінеді және бір-бірімен сөйлеседі.

Маска немесе қалпақ театры: қарапайым атрибутты (маска, бас киім, шарф) қолдану баланың рөлге жылдам енуіне және әрекет пен қарым-қатынасқа назар аударуына көмектеседі.

Шығармашылық әдістерді әрекеттің басқа түрлерімен кіріктіру тиімді болып келеді. Мысалы, «Эколог мамандығы» циклі мыналарды:

- «Мұхитты тазартуға арналған машинаның» суретін салуды;
- «Ауа тазалайтын сүзгі» қалдық материалдардан құрастыруды;
- «Экологтар өзенді құтқарады» этюдін театрландыруды қамтуы мүмкін.

Мұндай кешенді тәсіл бала үшін сан қырлы, қызықты және маңызды мамандықтар әлеміне енуді қамтамасыз етеді, мұнда білім, білік және қарым-қатынас біріңғай шығармашылық әрекетке біріктіріледі.

Танымдық зерттеу әдістері

Танымдық және зерттеу әрекеті балаларда қазіргі кездегі және болашақтың мамандықтары үшін негізгі болып табылатын зерттеу әрекетінің негіздерін қалыптастыруға бағытталған. Бұл әдістер тек мамандықтар туралы білім беріп қана қоймай, баланы мамандыққа сәйкес әрекет етуге ынталандырады: сұрақ қоюдан және болжам жасаудан бастап, нәтижені тексеруге, талдауға және қорытынды жасауға дейін. Осындай әдістер арқылы мамандықтар әлемі міндеттерді шешуге және жаңа білім алуға арналған кеңістік ретінде көрінеді.

1) Шағын әңгімелер

Бұл әдістер алған білімді кеңейтуге, балаларға жеке тәжірибесін қолдануға және олардың кәсіби қызмет туралы түсініктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Міндеттері:

- еңбектің мазмұны, шарттары және әлеуметтік маңыздылығы туралы түсініктерді жүйелеу және кеңейту;
- мамандықтар тақырыбы аясында монологтік және диалогтік сөйлеуді дамыту;
- қызығушылықты ояту және мазмұнды сұрақтар қоя білуге үйрету;
- «мамандық» абстрактілі ұғымын отбасы мен қоғам өміріндегі нақты мысалдармен байланыстыру.

Ұсынылатын жұмыс түрлері:

Эвристикалық әңгімелер: ақпараттық әңгімеден айырмашылығы, мұндай әңгіме баланы ойлауға ынталандыратын сұрақтардан құрылады.

«Құрылысшы мамандығы» тақырыбы: «Үйді неден құрастыруға болады?», «Неліктен қалада көп қабатты үйлер көп?», «Үй қауіпсіз болу үшін не істеу керек?». Педагогтің рөлі – баланы ойлануға бағыттау, өзбетінше қорытынды жасауға ынталандыру.

Сұхбат элементтері мен проблемалық жағдаяттары бар шағын әңгімелер: әңгіме тек баяндау ретінде ғана емес, сюжеті бар оқиға сияқты құрылуы мүмкін. Үлгі: «Бүгін таңертең дәрігер Әлия ауруханаға келіп, көзді тексеретін жаңа аппараттың істемей тұрғанын анықтады. Бұл жағдайда ол не істеу керек? Инженер-жөндеушіге қоңырау шалу керек пе? Ал егер ол жоқ болса не істеу керек? Нұсқаулықты қарауға бола ма? Немесе оның розеткаға қосылғанын тексеру қажет пе?». Әңгімелесуден кейін: «Әлия қандай қадамдар жасады?», «Неліктен барлық жағдайларға зейін аудару маңызды?» екенін талқылау.

«Топқа келген қонақ» (тікелей диалог немесе алдын ала жазылған сұхбат форматында): мамандық иесін (ата-ана, балабақша қызметкері) шақыру-тиімді әдістің бірі. Негізгі мәселе: балаларды кездесуге дайындау. Олармен бірге өздерін қызықтыратын сұрақтар дайындау: «Сіз оқыған кезде қандай қиындықтар болды?», «Сіздің жұмысыңызда сәтсіздіктер бола ма және оларды болдырмау үшін не істейсіз?», «Сіздің жұмысыңыздың жағымды жақтары?». Бұл маманға құрмет көрсету мен ақпарат алуға саналы көзқарасты қалыптастырады.

2) Қарапайым тәжірибелер мен эксперимент

Эксперимент жасау балаларға ғылыми-техникалық мамандықтар иелерінің жұмыс істеу әдістерін байқауға, әрекет пен нәтиже арасындағы байланысты түсінуге, байқағыштық пен ұқыптылықты дамытуға мүмкіндік береді.

Міндеттері:

-экспериментті жоспарлау, бақылау, нәтижені тіркеу және қорытынды жасаудың бастапқы дағдыларын қалыптастыру;

- практикалық әрекет арқылы зерттеу мамандықтарының мәнін түсіну;

- сенсорлық қабылдауды дамыту және әртүрлі материалдар, құралдармен (лупа, таразы, өлшеуіш стакандар, магниттер) жұмыс істей білуге дағдыландыру.

Ұсынылатын жұмыс түрлері (мамандықтармен байланыс):

«Эколог/топырақтанушы маман»: «Суды сүзу» тәжірибе жасау: әртүрлі материалдардың (күм, көмір, мақта) ластанған суды қалай тазартатынын зерттеу. Талқылау: «Қандай сүзгі қоспасы жақсы?», «Мұны тазарту станцияларында қалай қолданады?».

«Тыңайтқышты» бақылау: тыңайтқышты топыраққа салу (тазалау, жапырақтар) және оның ыдырау процесін бақылау. Заттардың айналымы және қалдықтарды қайта өңдеу маманы туралы түсінік қалыптастыру.

«Инженер-құрылысшы/материалтанушы мамандығы»: «Көпірдің беріктігін» эксперимент жасау арқылы тексеру: балалар қағаздан, картоннан, ағаш таяқшалардан көпірлер құрастырады және олардың беріктігін тексеру үшін үстіне жүк қояды. «Қандай материал ауыр жүкті көтере алады?».

«Материалдардың қасиеттері» тәжірибе жасау: қай заттың бататынын, қай заттың жүзетінін (кеме жасаушы үшін); магнитпен нені тартуға болатынын (металл сұрыптаушы үшін);

қай жер тайғанақ және қай жердің кедір-бұдыр (жол салушылар үшін) екенін зерттеу.

«Зертханашы/ғалым мамандығы»: лупа/микроскоп көмегімен бақылау жүргізу: жапырақтың құрылысын, жәндіктердің қанатын, тұз кристалдарын зерттеу. «Бақылау журналын» жүргізу.

Заттардың басқа күйге енуіне тәжірибе жасау: тұздың еруі және кристалдануы, түстерді араластыру, сода мен сірке суының көмегімен шарды үрлеу. Талдау: «Не болды? Неге айналды? Неліктен?».

3) Виртуалды экскурсиялар және мультимедиялық ресурстар

Цифрлық технологияларды қолдану кеңістіктік шектеулерді еңсеруге және балаларға қоршаған ортада тікелей көруге мүмкін емес шынайы жұмыс орындарын, процестер мен технологияларды көрсетуге мүмкіндік береді.

Міндеттері:

- сирек кездесетін жоғары технологиялық мамандықтар әлемімен қашықтан таныстыру арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту;
- заманауи өндіріс пен ғылымның шынайы бейнесін қалыптастыру;
- медиасауаттылықты дамыту: көрнекі ақпаратты қабылдау және талдай білу.

Ұсынылатын жұмыс түрлері:

Заманауи фермаға немесе агрокешенге тақырыптық виртуалды турлар: онда тек сиырларды көрсетіп қана қоймай, оларды сауудың автоматтандырылған жүйелерін, жылыжайлардағы климатты бақылауды, егістікті бақылау үшін агрономның дрондармен жұмысын көрсету.

Ғылыми зертханаға немесе ғылым мұражайына экскурсия: шынайы құрылғыларды, ғалымдардың тәжірибелерді қалай жүргізетінін көрсету.

Зауытқа (мысалы, ойыншықтар немесе азық-түлік өндірісі) апару: қаптауға (орауға) дейінгі өндіріс кезеңдерін бақылау, конвейерде және цехта жұмыс істейтін әртүрлі мамандардың еңбегін көрсету.

IT-компаниясына экскурсия: бағдарламашының, дизайнердің, жүйе әкімшісінің жұмыс орны қандай болатынын көрсету және түсіндіру.

Өткізу бойынша ұсынымдар:

Дайындық: әрекетті көрсету мақсатын анықтау («Бүгін біз машинаны қалай құрастыратынын түсіну үшін нағыз инженерлер сияқты боламыз»).

Бейнематериалдарды көру: бейнефильмді көрсету кезінде педагог оны тоқтатып, жетекші сұрақтар қоюына болады (Бұл кім? Ол не істеп жатыр? Бұл құрал қалай аталады?»).

Рефлексия және бекіту: бейнефильмді көріп болғаннан кейін міндетті түрде талқылау қажет: «Сендерді не таңқалдырды?», «Қандай мамандық ең қызықты болып көрінді және неге?», «Қандай мамандық туралы білдіңдер (орынын атау)?». Көргендерін кейін ойын немесе өнімді әрекетпен байланыстыру қажет («Конструктордан құбыр құрастырайық»).

Маңызды ереже: виртуалды экскурсия – бұл жай ғана мультфильм қарау

емес, міндетті педагогикалық қолдаумен және кейіннен түрлі әрекеттерде қолданумен бірлескен зерттеу құралы.

Танымдық және зерттеу әдістері логикалық тізбекке: сұрақтан және болжамнан (проблемалық әңгімелесу) → тексеруге (тәжірибе) → және нәтижені талдауға (рефлексивті әңгімелесу, сурет немесе модель түрінде есеп құрастыру) құрылуы керек. Бұл тәсіл неғұрлым кәсіби циклды нақты модельдейді және баланы ақпаратты пассивті қолданушы ғана емес, белсенді зерттеуші ретінде әрекет етуге және болашақтағы мамандыққа баулиды.

АТА-АНАЛАРМЕН (ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРМЕН) ӨЗАРА ҒНТЫМАҚТАСТЫҚ

Ата-аналармен (заңды өкілдермен) өзара ынтымақтастық балаға өнегелі тәрбие беру мен толыққанды дамытудың маңызды шарты болып табылады. Ата-аналарды тәрбиелеу-білім беру процесіне белсенді тарту балалардың ой-өрісін кеңейтуге, ересектердің еңбегіне құрметпен қарауды қалыптастыруға, танымдық қызығушылықты дамытуға және балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға ықпал етеді.

Ата-аналармен жұмыс нысандары

1) Ата-аналар мамандықтарының презентациясы

Жұмыстың бұл нысаны балаларды әртүрлі мамандықтармен және ересектердің еңбек әрекетінің ерекшеліктерімен таныстыруға бағытталған.

Өткізу нысандары:

- ата-аналардың мамандықтары туралы әңгімелеу;
- фотосуреттермен, бейнематериалдармен мультимедиялық презентациялар;
- құралдарды, арнайы киімдерді, мамандықтардың атрибуттарын көрсету;
- жұмыс орнына виртуалды экскурсиялар.

Өткізу нысандарының үлгілері:

«Топқа қонақ шақыру» акциясы – сирек кездесетін немесе технологиялық мамандық иелері болып табылатын ата-аналарды шақырып, өз мамандығы туралы қарапайым әрі қызықты әңгімелесу.

Ата-аналарға арналған чек-парақ «Жұмыс туралы қалай қызықты әңгімелесуге болады» (*№1 қосымша*).

Педагогикалық құндылығы:

- балалардың мамандықтар әлемі туралы түсініктерін кеңейту,
- ересектердің еңбегіне құрметпен қарауды қалыптастыру;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту.

2) Шеберлік сыныптары

Ата-аналармен шеберлік сыныптары практикалық дағдыларды беру және балаларды кәсіптік әрекет элементтерімен немесе отбасы дәстүрлерімен таныстыру мақсатында өткізеді.

Ұсынылатын бағыттар:

- аспаздық шебер сыныптары;

- шығармашылық (сурет салу, мүсіндеу, сәндік-қолданбалы өнер);
- техникалық (кұрастыру, модельдеу);
- спорттық және сауықтыру.

Өткізу нысандарының үлгілері:

Квест «Мамандықтар калейдоскопы» (№2 қосымша).

«Флорист шеберханасы» – гүлдерден немесе кептірілген гүлдерден шағын бутоньеркалар мен композициялар жасау;

«Киім дизайнері» – футболкаларды маталық маркерлермен безендіру немесе мата қиындыларынан қуыршақтарға арналған киімдер дайындау.

Нәтижелері:

- ұсақ моториканы және шығармашылық қабілеттерді дамыту;
- бірлескен әрекетке қызығушылықты қалыптастыру;
- педагогтер, балалар мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

3) Отбасылық жобалар

Отбасылық жобалар зерттеу мен шығармашылыққа және нәтижелерді ұсынуға бағытталған бала мен ата-аналардың бірлескен әрекетін қамтиды.

Жобалардың үлгілері: «Менің ата-анамның мамандықтары», «Ата-анамның жұмысындағы бір күн», «Менің болашақта немен айналысым келеді».

Іске асыру кезеңдері: тақырыпты таңдау, ақпарат жинау, шығармашылықпен безендіру, топта жобаны қорғау.

Педагогикалық маңыздылығы: зерттеу дағдыларын дамыту, жауапкершілік пен дербестікті қалыптастыру, отбасындағы қарым-қатынасты нығайту.

ПЕДАГОГТИҢ РӨЛІ

Заманауи білім беру кеңістігінде педагог бала тұлғасының жан-жақты және үйлесімді дамуына бағытталған дамытушы ортаны ұйымдастыруда негізгі рөл атқарады. Оның кәсіби қызметі ынтымақтастық қағидаттарына, әр баланың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеруге, балалардың бастамасын белсенді қолдауға негізделуі қажет.

Педагог ойын, танымдық, шығармашылық және зерттеу тәрізді түрлі балалар әрекетін бастаушысы бола отырып, балалардың қызығушылықтарын, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеріп, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырады. Мұнда ол өзара серіктестік әрекеттің үлгілерін көрсете отырып, бірге әрекет етуге бағыттап қана қоймай, оның толыққанды қатысушысы болады. Педагог балаларға проблемалық жағдаяттар мен ойын идеяларын ұсынуы, оларды орындайтын әрекетті талқылауға және жоспарлауға тартуы, шамадан тыс бақылау мен қысым көрсетуден аулақ бола отырып, белсенділік пен дербестікті қолдауы тиіс.

Педагогтің басты міндеті – тәрбиеленушінің бастамасы мен қиялдауын қолдау. Ол үшін қиялдың, шығармашылық ойлаудың және дербестіктің көрінуіне ықпал ететін жағдайлар жасау. Педагог балалардың идеяларын сыни

және бағалаусыз қабылдауы, олардың шешімдерін қолдауы, ойлануға түрткі болатын сұрақтар қоюы қажет, бұл балаларға эксперимент жасауға, әрекет етудің және өзін-өзі көрсетудің жаңа тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді.

Еркін таңдау үшін жағдай жасауға ерекше көңіл бөлу. Педагогке дамытушы ортаны баланың әрекет түрлерін, материалдарды, ойындағы серіктестерін және өз ойларын іске асыру тәсілдерін өзбетінше таңдай алатындай етіп ұйымдастыру ұсынылады. Ортаның өзгермелілігін, құрал-жабдықтардың қол жетімділігін, күні бойы әрекеттерді ауыстыру мүмкіндігін және әр баланың жеке даму қарқынына құрметпен қарауды қамтамасыз ету.

Педагог балаларда дербестік пен жауапкершілікті қалыптастыруға ықпал етеді. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалар шешімдер қабылдауға, өзінің әрекеттерін жоспарлауға және өз жұмысының нәтижелерін көруге үйренеді. Бұған тапсырмаларды орындау, ойындағы рөлдерді бөлу, бірлескен іс-шараларды дайындауға және өткізуге қатысу, сондай-ақ әрекеттің нәтижелерін талқылау және қарапайым рефлексия ықпал етеді.

Педагогтің кәсіби қызметінің ажырамас бөлігі эмоционалды жайлы және психологиялық қауіпсіз орта құру болып табылады. Педагог сенімді атмосфераны қолдауы, балаларға мейірімділік танытуы және құрмет көрсетуі, әр баланың эмоционалды жағдайын ескеріп, топта жағымды қарым-қатынас пен өзара әрекет ету дағдыларын қалыптастыруы, сондай-ақ ықтимал дау-жанжалды жағдайлардың алдын алуы тиіс.

Сонымен қатар, педагог балалардың әрекетіне жүйелі бақылау мен педагогикалық қолдауды жүзеге асырады. Балалардың қызығушылықтарын, жетістіктері мен қиындықтарын талдай отырып, ол балалардың бастамашылдығына қолдау көрсетіп, тәрбиелеу-білім беру процесіне түзету енгізуі қажет. Мұндай сүйемелдеу дамуды қамтамасыз етуге, уақтылы қолдауға және баланың жеке тұлғасының дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Осылайша, педагогтің рөлі дайын білімді беру ғана емес, қоршаған әлемді белсенді, мағыналы және қызығушылықпен тануға жағдай жасау болып табылады. Педагогке әр баланың әлеуетін ашуға және өзінің мүмкіндіктеріне деген сенімділікті қалыптастыруға ықпал ететін тәлімгер, серіктес және көмекші ретінде әрекет ету ұсынылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектеп жасына дейінгі балаларды ерте жастан кәсіпке баулу заманауи мектепке дейінгі білім берудің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады, ол балаларда еңбек әрекеті туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруға және әртүрлі мамандық иелеріне құрмет көрсетуге бағытталған.

Аталған жұмыс Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа (ҚР ОМ 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы) және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы) сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекетті кіріктіру арқылы жүзеге асырылады, бұл баланың әлеуметтік дамуы мен танымдық белсенділігінде нысаналы бағдарларға қол жеткізуге ықпал етеді.

Мектепке дейінгі жаста баланың жеке тұлғасын дамытудың, қызығушылықтары мен бейімділігінің негізі қаланады, сондықтан ересектердің кәсіби қызметімен таныстыру қолжетімді, эмоционалды тартымды және ойын түрінде жүзеге асырылуы қажет. Бұл жағдайда жалпы қабылданған үлгіден (мысалы, «құрылысшы – тек ер адам», «күтуші – тек әйел») және баланың ой-өрісін тарылтуы мүмкін шамадан тыс ерте мамандандырудан аулақ болу керек. Негізгі мақсат – белгілі бір мамандыққа дайындау емес, әлемнің бейнесін қалыптастыру, икемді дағдыларды дамыту (коммуникация, креативтілік, міндеттерді шешу) және еңбек әрекетіне оң көзқарас қалыптастыру.

Ойын, шығармашылық және танымдық-зерттеу әдістерін қолдану балаларды тәрбиелеу-білім беру процесіне белсенді тартуға ықпал етеді. Сюжетті-рөлдік ойындар (мысалы, «Биозертхана», «Космопорт», «Эко-патруль»), жобалар, шеберлік сыныптары және шығармашылық тапсырмалар арқылы тәрбиеленушілерге дәстүрлі ғана емес, сонымен қатар болашақтың әлеуметтік рөлдері: экоталдаушы, робототехника маманы, виртуалды кеңістік дизайнері, генетикалық кеңесші, сити-фермерді ойнауға мүмкіндік беру. Бұл еңбектің маңыздылығын, оның инновациялық сипаты мен нәтижелерінің әртүрлілігін түсінуге ықпал етеді.

Ерте жастан кәсіпке баулуды ұйымдастыруда педагог тек білім беру көзі ғана емес, сондай-ақ балалардың серіктесі, тәлімгері және дамытушы ортаны ұйымдастырушы ретінде ерекше рөл атқарады. Педагог балалардың бастамасын қолдайды, әрекетті еркін таңдауға жағдай жасайды, әр баланың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескереді және еңбекке оң эмоционалды көзқарас қалыптастыруға ықпал етеді.

Тәрбиеленушінің отбасымен өзара ықпалдастығының маңызы зор, бұл білім беру кеңістігін кеңейтуге және кәсіпке баулу процесін неғұрлым мазмұнды және практикаға бағыттауға мүмкіндік береді. Ата-аналардың бірлескен жобаларға, мамандықтарды таныстыруға (оның ішінде болашақтың мамандықтарын) және ойын түрінде ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді қатысуы балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға

